

Бекітемін
 №9 «Білім» облысы
 МКК директоры
 Титов
 « 31 » 2021 ж



**Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.
 «Гүлдер» МАД тобы 2021 – 2022 жыл оқу жылы**

Р/с	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек 1. Ата – аналарды 2021 – 2022 оқу жылының жоспарымен таныстыру. 2. Баяндама « Менің отбасым және ондағы менің орыным» 3. Ата – аналар комитетін сайлау.	Ата – аналар жиналысы <i>(Онлайн түрде)</i> Пікірлерін тыңдау.	Топ тәрбиешілері: Ровшанова Г. Әдіскер: А. Жетесовна
2	Желтоқсан 1. Балалар – біздің бақшамыз. 2. Диагностикалық зерттеудің қорытындысы. 3. «Жаңа жыл» мерекесін өткізу	1 жарты жылдық есеп беру. Ата – аналар жиналысы <i>(Онлайн түрде)</i>	Топ тәрбиешілері: Байтықова Ш Ровшанова Г. Психолог: Базарбаева Қ
3	Наурыз 1. Тәрбие тірегі – халық мұрасы. 2. «Наурыз келді – жыл келді» мерекесін өткізу 2. Табиғат бұрышындағы әдемі гүлдер.	Көрме. Ата – аналармен бірлескен жұмыс. Сайыс (қол өнері)	Топ тәрбиешілері: Байтықова Ш Ровшанова Г. Медбике: Ата – аналар.
4	Мамыр 1. «Балабақшамен қоштасу» шарасын ұйымдастыру 2. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық. 3. Жылдық жоспар бойынша қорытынды.	Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беру. Ата – аналар жиналысы	Топ тәрбиешілері: Байтықова Ш Медбике: Ата – аналар.

Жоспарды дайындаған тәрбиеші:

Байтықова Ш
 Ровшанова Г.

«Бәйтерек» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ның
«Гүлдер» МАД тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №1

Қатысқаны: 6

Қатыспағаны: 19

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Ата – аналарды 2021 – 2022 оқу жылының жоспарымен таныстыру.
2. Баяндама « Менің отбасым және ондағы менің орыным»
3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бала бақша әдіскері сөз алды. Whatsapp желісі арқылы қалай қосылатындығы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әдіскер А. Жетесовна топтағы ата-аналарды бір-бірімен санымен қатар топ тәрбиешілері мен Ровшенова Г. мен таныстырды. Ендігі кезекте ұйымдастырылған оқу қызметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Ровшенова Г. «Менің отбасым және ондағы менің орыным» баяндама оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Қошанова Сара баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстрып ата-аналар комитетінің мүшелрін сайлауға шақырды.

Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Оразова Б деп шешті.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талаптарды өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы тағайындалсын.

Төрайымы :

Оразова Б

Хатшы:

Ровшенова Г.

«Бәйтерек» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ның
«Гүлдер» МАД тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №2

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 9

Себепті:3

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама оқыды
2. Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
3. Диагностикалық зерттеудің қорытындысы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Ровшенова Г.Whatsapp желісі арқылы қосылатындығы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Тәрбиеші баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Байтыкова Ш балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып балалардың қатысатынын айтты.

Үшінші мәселе бойынша психолог: Базарбаева Құрбангүл балалардың диагностикалық зерттеудің қорытындысымен таныстырып өтті. Ата –аналар баласының деңгейі туралы мәлімет алды. Сұрақтар қойып, сауалнамалар жүргізіп, талқылады.

Жиналыс соңында Байтыкова Ш жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты. Соны мен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға билейтін номерлері бар екенін, оларға арнай киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Қаулы:

1. Баяндаманы Ровшенова Г. оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдерін мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.
3. Ертеңгілікте берілетін сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.

Төрайымы :

Оразова Б

Хатшы: Байтыкова Ш

«Бәйтерек» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ның
«Гүлдер» МАД тобының ата-аналар жиналысының
хаттамасы № 3

Наурыз, 2022 жылы

Қатысты: 12

Қатыспады: 11

Күн тәртібі:

Тақырыбы: « Үздік үштік» дөңгелек үстелі.

Топқа жаңадан қосылған балалардың ата – аналарымен танысу.

Оларды оқу қызмет түрлерімен таныстыру.

8 – наурыз әйел – қыздар мерекесі күніне тақпақтар тарату.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне дайындық.

Алда келе жатқан 8 – наурыз әйел – қыздар мерекесі күніне өткізілетін сценарий барысымен таныстырылып, оған ата- аналарды алып қосар немесе қызықты пікірлері жайлы сұрастырылды. Мерекеге арналған тақпақтар балаларға тапсыратынын айтты.

Ата – аналар өзара ақылдасып, балаларға арнап, мерекелік тарту жасайтынын атап кетті.

Одан әрі « Ұлыстың ұлы күні – Наурыз» мерекесінің ертеңгілік іс – шаралары туралы сөз болды. Ата – аналарға мерпекелерге байланысты тақпақтар жаттауға берілді. Мерекелік іс – шараны қалай өткізу барысы сөз болды. Мерекелік дастархан ұйымдастыруды бір ауыздан құптады. Қажетті ұлттық тағам түрлерін бөлісіп алатынын және балаларға қызықты болуы үшін жәрмеңке ұйымдастыру керек деп шешті. Жәрмеңкенің талап, шарты: Балаларың мерекеге қызығушылығын арттыру, әкелген заттарды орналастырып, кішігірім базар ұйымдастыру.

Тәрбиеші 8 – Наурыз Аналар мерекесін жігіттер жүргізетінін атап өтті.

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесінде «Тұсау кесер» ұлттық салт – дәстүр көрсетілетін болды.

Жиналыстың шешімі:

Жаңадан қосылған ата – аналарды балабақшаның және топтың қоғамдық іс – шараларына белсенді қатысуын қадағалау комитет төрайымы өз мойнына алсын.

Бүгінгі жиналыстан алған әсерлерін немесе басқада пікірлерін жабық хатпен жазып, жәшікке салсын.

Балалардың төлем ақысын өз уақытында төлеп барылсын және балабақша тәртібі, топтың режімі қатаң сақталсын.

Балалар балабақшадан себепсіз қалдырылмасын.

Жиналысты өткізген тәрбиеші: _____ Байтыкова Ш

Ровшенова Г.

Жиналысқа қатысқан әдіскер: _____ А. Шангереева

Ата – ана ком. Төрайымы: : _____ Оразова Б

«Бәйтерек» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ның
«Гүлдер» МАД тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттамасы №4

28 сәуір, 2022 жыл

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 5

Себепті: 2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Ата – аналарды 2021 – 2022 оқу жылының жоспарының орындалысы туралы.
2. «Мектепке оқуға дайындық» баяндама
3. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ата – аналарды 2021 – 2022 оқу жылының жоспарының орындалысы туралы баяндап берді. Балалардың оқу қызметіне деген қызығушылығы, әр баланың қаншалықты меңгергені туралы атап өтті.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Байтыкова Ш «Мектепке оқуға дайындық» баяндама оқыды. Баяндамада көтерілген мәселелер жайлы сөз қозғалды, әр ата – ана өз пікірін ортаға салды. Ата-аналар баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын айтты. Құжат тапсыруға байланысты бірнеше сұрақтарға жауап берді.

Жиналыс барысында балалардың бөбекжайға келуі және балаларды мектепке дайындау туралы айтылды. Бөбекжайдың төлемі мамыр айынан бастап күніне 778 тг өскенін атап өтті. Ұақытында төлемді төлеу туралы ата – аналарға ескертілді. «Бөбекжаймен қоштасу» мерекесін өткізу туралы тәрбиеші өз ұсынысын айтты. Ата- аналарға балаларға жаттауға ән, би, тақпақ жаттауға берілетінін, ұақытында жаттатып, қадағалауын тапсырды.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған талаптарды өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар ұақытында төлемді төлеу туралы ата – аналарға ескертілді.

Төрайымы :

Оразова Б

Хатшы:

Байтыкова Ш